

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға конкурс туралы хабарландыру

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Торғай а., Қайнекей к-сі, 1) (бұдан әрі - «Жангелдин ауданының білім бөлімі» ММ) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесін қалыптастырудың конкурстық рәсімін жариялайды.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді әлеуетті өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері (тиісті түрде ресімделген сенімхатпен) конкурсты ұйымдастырушының кеңсесіне не тапсырыс хатты пайдалана отырып «Жангелдин ауданының білім бөлімі» ММ Торғай ауылы, Кайнекей көшесі, 9 мекенжайы бойынша **2025 жылғы 22 мамыр – 24 мамыр аралығында** әр жұмыс күні сағат 9.00-ден 18.30ға дейін ұсынылады.

Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуы үшін өтінімді толтыру және конкурстық құжаттаманы ұсыну Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру Қағидаларында қарастырылған.

Конкурстық рәсімге мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлаған мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға конкурстық рәсімге қатысу үшін **мынадай құжаттарды ұсынады:**

- 1) нысан бойынша өтініш;
- 2) мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларының, дабыл түймешесінің және дауыстық хабарландырудың бар болуы жөнінде ақпарат;
- 3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді (сыйымдылығы үш топқа дейін болған кезде) медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету аумақтық ұйымымен шарт;
- 4) штаттық кестенің және педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы құжаттарының көшірмелері;
- 5) ғимаратты/үй-жайды жалдау шартының көшірмесі (бар болса).

Көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін Комиссия мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелер ("электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы www.egov.kz, www.elicense.kz) арқылы **мынадай құжаттардың** барын және жарамдылығын тексеруді жүзеге асырады:

- 1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заң) сәйкес мектепке дейінгі тәрбие

және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар;

2) медициналық қызметке лицензиялар;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтамалар, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар;

4) "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілеріндегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 29/ке бұйрығына (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының нормативтік құқықтық актілерді тіркеу № 28566 тізілімінде болып тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымның санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды (бұдан әрі - № 29/ке бұйрық);

5) Конкурсқа құжаттарды тапсырғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін есеп бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы мәліметтер.

Мектепке дейінгі ұйымдар басшы қол қойған және мөрмен расталған құжаттарды - «Жангелдин ауданының білім бөлімі» ММ ҚҚҚБ-нің электрондық поштасына электрондық форматта жібереді.

Құжаттарды электрондық форматта ұсыну мүмкіндігі болмаған жағдайда көрсетілген құжаттарды мектепке дейінгі ұйым - «Жангелдин ауданының білім бөлімі» ММ ҚҚҚБ-не қағаз форматта жібереді, конкурстық өтінімге енгізілген құжаттар тігілген, нөмірленген, мектепке дейінгі ұйымның құрылтайшысы қол қойған, куәландырылған, мөрмен және тәртіппен тапсырылады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8(714-39) 2-11-62 телефоны арқылы алуға болады.

**Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Жангелдин ауданының
білім бөлімі» ММ
басшысы**



А. Қасым